

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 214 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 444. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.13. N 565 қаулысымен. ~P000565

1. "Директивалық кредиттер мен 1994 жылғы өзара борыштардың ішкі республикалық есебінің нәтижелері бойынша берілген кредиттерді және олар бойынша проценттерді өтеудің шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 214 қаулысына мынадай өзгерту мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

"20 наурызға дейін" деген сөздер "30 сәуірге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Директивалық кредиттер мен 1994 жылғы өзара борыштардың ішкі республикалық есебінің нәтижелері бойынша берілген кредиттерді және олар бойынша проценттерді өтеудің шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 214 қаулысының күші берешектері бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есептеме жүргізген шаруашылық жүргізуші субъектілерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі облыстық әкімшіліктердің кепілдемелері бойынша жергілікті бюджеттердің кіріс есебінен шығарған шаруашылық жүргізуші субъектілеріне және берешектері Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қолдау қорына берілген ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қолданылмайды".

2. Жоғарыда аталған ұйым-заемшылардың берешектері Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі жүргізген есептемелердің, облыстық әкімшіліктердің кепілдемелері бойынша Ұлттық Банктің есептен шығарған және Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қолдау қорына берілген шекте белгіленеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК